

2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қосымша хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 933 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қосымша хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымовқа 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қосымша хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 0

қ а р а ш а д а ғ ы

№

9 3 3

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қосымша хаттама

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік

туралы меморандумның (бұдан әрі – Меморандум) және осы Қосымша хаттаманың шарттарына сәйкес ағымдағы жобаларды қолдау мақсатында Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келіседі.

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі 2014 жылғы 27 қыркүйектегі Қосымша хаттамамен түзетулер енгізілген Меморандумда сипатталған жобалар шеңберінде 593000 (бес жүз тоқсан үш мың) АҚШ доллары сомасында қосымша қаржы қаражатын б ө л е д і .

Тараптар қосымша қаржы қаражатының 2014 жылғы 27 қыркүйектегі Қосымша хаттамамен түзетулер енгізілген Меморандумда сипатталған шарттар мен ережелерге сәйкес, берілетін қаржы қаражаты сомасын көрсету үшін Меморандумға одан әрі қосымша өзгерістер енгізу қажеттілігінсіз, осы мақсаттарға берілетініне келіседі.

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметін осы жобаларды қолдау мақсатында қосымша қаржы қаражатының қашан ұсынылатыны туралы х а б а р д а р е т е д і .

Жобалардың сипаттамасы мен мақсаттары 2014 жылғы 27 қыркүйектегі Қосымша хаттамада ұсынылған күйінде қалады. Барлық өзге міндеттемелер, шарттар, ережелер, жетістік көрсеткіштері, үлгілік ережелер және талаптар өзгеріссіз күшінде қалады.

2015 жылғы «___»_____ Астана қаласында әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей заңды күші бар.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Америка Құрама Штаттарының

Үкіметі үшін

Қалмұханбет Қасымов
Ішкі істер министрі Елші

Джордж Крол

Жобалар бойынша қаржыландыруды бөлу

Жобаның атауы	Жалпы сомасы
Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес	\$ 120000
Шекара қауіпсіздігі	\$ 120000
Адам саудасына қарсы іс-қимыл	\$ 120000
Есірткіге сұранысты азайту	\$ 113000
Заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және қаржылық қылмыстарға қарсы іс-қимыл	\$ 120000
Барлық жобалар бойынша жиынтығы	\$ 593000